

## **Көлкент ауылдық округі М.Оразалиев ауылының Т.Рысқұлов көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

### ***Күшін жойған***

Түркістан облысы Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 16 наурыздағы № 19 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 наурызда № 5489 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 21 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Көлкент ауылдық округі әкімінің 19.05.2020 № 21 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 02-05/15 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Көлкент ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. М.Оразалиев ауылы Т.Рысқұлов көшесі, № 2 үйде құтыру ауруының ошағы анықталуына байланысты, Көлкент ауылдық округі М.Оразалиев ауылының Т.Рысқұлов көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданының Көлкент ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Көлкент ауылдық округінің әкімі*

*М. Шадиев*

